

Ойтүрткі

- 1.Периодтық жүйеде элементтер қанша түспен бейнеленген?
- 2.Металдар периодтық жүйеде қандай түспен көрсетілген?
- 3.АҚШ-тың есімі берілген элементті ата.
- 4.Скандинавия түбегінің жер көлемі арыстан тәрізді. Сол түбектің құрметіне сол мағынаны білдіретін қандай элемент бар?
- 5.Еуразия материгінің бір бөлігіне орай аталатын элементті ата.

6. Көршілес Ресей мемлекетінің Ақтөбе облысына жақын қаласы периодтық жүйеде қалай аталады?
7. Химия ғылымының атасының құрметіне аталған элементті ата.
8. Адам өндіргенде өміріне қауіп төндіретін элемент?
9. АҚШ-ғы штат атауымен аталатын элементті ата
10. Оқушы құралына омоним бола алатын элемент
11. Орысша “қуаныштым” деген мағынаны білдіретін элементті ата
12. Сұлулық әлемінің елі атанған ел аттас элементті ата.

Жасырдым мен жұмбақтап, **Тапқыр болсаң, ойлан, тап!**

1. Қандай сан оттектің аллотропиялық түр өзгерісінде жасырынған?
 2. Біз дем алатын қандай газдар қоспасынан балықшы құралын таба аламыз?
 -
 3. Қандай элементтің бірінші буыны сұрайды, одан кейін санмен аяқталады?
 -
 4. Жұрт сөзінің қандай синонимі ең жеңіл инертті газ құрамында жүр?
 -
 5. Алдымен бір нәрсенің мөлшерін жалпы түрде сипаттайтын, соңғы буыны тілсіз жауды білдіретін жер атмосферасында ең көп тараған қандай элементті білесіз?
 -
 6. Су тасқынының синонимі күкірт қатарындағы элементтердің біреуінің бастауы болып табылады?
 -
 7. “Жұмысты отты жігерлеп істеу керек”, деп көпірді “А” элементі. Бірақ ол біреудің отын үрлемесе, өзі еш уақытта жанып көрген емес, ойлаңызшы, бұл қай элемент?
 -
 8. “Б” элементі қай металдың болсын орнын басуға әзір-ақ, бірақ қанша буырқанса да одан металл шығып көрген емес. Ойлаңызшы, бұл қай элемент?

Мақал айтып жарысайық,

Мақалшылар қалыспайық.

1. (Au) тапсаң – санап ал.
2. (Au) еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген – шірітер.
3. Мылтықтың (Ag) айтпа, тиісін айт.
4. Арпа, бидай ас екен, (Au, Ag) тас екен.
5. Жылтырағанның бәрі (Au) емес.
6. Ақыл арымас, (Au) шірімес.
7. От (C) жейді, тот (Fe) жейді.
8. Ағаш кессең ұзын кес – қысқартуға оңай,
(Fe) кессең қысқа кес – ұзартуға оңай.
9. (Fe) сіз халық, тұзсыз тағам болмайды.
 - 10. (Fe) қызған кезде соқ.
 - 11. Келіні жақсы үйдің керегесі (Au).

- 12. (Au) шыққан жерді белден қаз.
- 13. (____) бүгілмес – шорт сынар.
- 14. Оқ жетпес жерге (____) сілтеме.
- 15. Болмас іске (____) бол.
- 16. (____) жинап, шөміштеп төкпе.
- 17. Етік тіге алмаған (____) таңдайды.
- 18. (____) қысқаның қолы күйер.
- 19. Буынсыз жерге (____) ұрма.
- 20. Қойдың сүті (Pb).
- 21. Тағасының (Ag) мақтанба,
• Атыңның жүрісіне мақтан.
- 22. (____) өткен жерден жіп өтер.
- 23. [Ескі мата бөз болмас](#), ескі (____) біз болмас.
- 24. Өнерлінің қолы (Au), өлеңшінің сөзі (Au).

Полиглот

- 1. Тынысым, ырысым
Ол жоқ жерде,
• Жойылмақ жүрісім.
•
- 2. Машина мен трактордың жаны,
Қара металлургияның наны.
- 3. Күмістей түсі жылтыр, өзі сұйық
Буланбас, қайнатсақ та отынды үйіп
• Көрсететін суықты, жылуды анық,
• Қандай зат - құрал жасар соны құйып.
•
- 4. Осы затпен ескі үйді аластайды
Түсіне қарасаң алтынға ұқсайды.
- 5. Алғаш болды белгілі
• Күнде қандай элемент
• Одан кейін біз оны
• Жерден зерттеп тауып ек.
- 6. Табылса бұрын там-тұмнан
Қазір көп әрбір өлкеде
• Қымбат болды алтыннан
• Қандай металл ертеде?
•
- 7. Иісі де, дәмі де жоқ, ұсталмайды,
• Болмаса ол, жер бетінде өмір жоқ.
• Ақыры жанған отың тұтанбайды
• Қалады қарауытып, көмір боп шоқ.
- 8. Менделеев кемеңгерім
• Өз орнымды белгілепті.
• Мені қымбат демендер тым,
• Заттың нарқын ел біледі.

Биологиялық жұмбақтар

- 1. Теңіз орамжапырағы ламинарияның құрамына кіретін, адам өмірі үшін маңызды элемент?
- 2. Адам организмінде қай элементтің жетіспеуінен тіс кариесіне әкеліп соғады?
- 3. Сүйекті қаптайтын элемент?
- 4. Терінің қышыма ауруына қарсы май жасалатын химиялық элемент?
- 5. Қант қызылшасы мен картоп түсіміне ерекше әсері бар тыңайтқыш элемент?
- 6. Адам бойының өсуіне әсер ететін химиялық элемент?

Ойталқы

- Асыл тас немесе металдың өзінен жасалған құлаққа тағатын зат?
- Көзіне асыл тас орнатылған металл бұйым, сақина?
- Қыздарға арналған сәндік үшін шашбауға тағатын әшекейлі алтын немесе күмістен жасалған бұйым?
- Шабуға, кесуге лайықталған қайқы құрал?
- Садақтың темір ұшы?
- Батырлар киетін темір телпек?
-

Мақал-мәтелдер

- Пәлен жерде пақыр бар,
Іздеп барсаң мыс та жоқ.

Көптің аузы – темір талқы.

- Келіні жақсы үйдің,
• Керегесі алтын.

Ағаш кессең ұзын кес,
Шаба келе қысқарар,

- Темір кессең қысқа кес,
• Соға келе ұзарар.

- Алтын ала білген,
• Бөле де біледі.

- Алтын жерге жатпайды
Жаман ұста суын таппайды.

- Қойдың сүті — қорғасын

-

Қойды соққан оңбасын.

-

Тағасының күмісіне мақтанба

-

Атыңның жүрісіне мақтан.